

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІЦ  
ТАУАРЛАР МЕН ҚОРСЕТИЛЕТІН  
ҚЫЗМЕТТЕРДІН САПАСЫ МЕН  
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАУАРЛАР  
МЕН ҚОРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІН  
САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН  
БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА  
И БЕЗОПАСНОСТИ ТОВАРОВ И УСЛУГ  
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА  
КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА И  
БЕЗОПАСНОСТИ ТОВАРОВ И УСЛУГ  
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

050010 Алматы қаласы, Жібек жолы д-лы, 5  
тел.: 8 (727) 382 35 15, факс: 8 (727) 382 35 56

050010 город Алматы, пр. Жибек жолы, 5  
тел.: 8 (727) 382 35 15, факс: 8 (727) 382 35 56

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ  
БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫСЫ  
17.09.2020ж. № 61

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ  
ГОРОДА АЛМАТЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
№ 61 от 17.09.2020г.

Алматы қаласының Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігерінің 15.08.2020ж.  
№ 56 қаулысына өзгерістер мен  
толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының тұрғындары арасында коронавирустық инфекцияның (бұдан әрі - COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 16.09.2020 ж. №53 «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулысы негізінде

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН :**

1. Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 15.08.2020 ж. №56 «Шектеу шараларын кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін»:

1) 1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) ойын-сауық мекемелерінің (караоке, бильярд, компьютерлік клубтар, түнгі клубтар, боулинг орталықтары, жабық үй-жайлардағы балалардың ойын аландары мен аттракциондары, батуттар және тағы басқалар), кинотеатрлардың (ашық ауадағы кинотеатрларды қоспағанда), букмекерлік кеңселердің қызметіне тыйым салу»;

2) 1-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

-« алдын ала жазылу бойынша, ҚР БМСД №43 қаулысының талаптарын сақтай отырып, балалар кабинеттерінің/түзету орталықтарының, балалар мен ересектердің білім беру орталықтарының қызметіне рұқсат беру, топты толтыру кезінде – 15 адамнан артық емес»;

- «ҚР БМСД №43 қаулысының талаптарын сақтай отырып, мемлекеттік органдардың (ұйымдардың, кәсіпорындардың), квазимемлекеттік 02146 сектор

органдарының, ұлттық компаниялардың, өзге де ұйымдардың, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне рұқсат беру. Бұл ретте қызметкерлердің кемінде 50% - ы қашықтықтан жұмыс нысанында қалады (штат кестесінде 30-дан астам қызметкер болған кезде)»;

- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексіне сәйкес, жұмыс күндері, демалыс және мереке күндері (оыйн-сауық бағдарламалары болған жағдайда) 9:00-ден 23:00-ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып, ҚР БМСД №43 қаулысының талаптарын сақтай отырып, ұжымдық іс-шаралар өткізбей, үй-жайларда 50 отыратын орыннан аспайтын, ашық ауада 50 отыратын орыннан аспайтын қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметіне рұқсат беру. Жұмыс күндері, демалыс және мереке күндері 9:00-ден 23:00-ге дейін алып кетуге және жеткізу қызметіне рұқсат етіледі»;

- ҚР БМСД №43 қаулысының талаптарын сақтай отырып, ұжымдық іс-шаралар өткізбей, жұмыс режимі сағат 05:00-ден 23:00-ге дейін жеке түрған ғимараттарда орналасқан қоғамдық тамақтандыру объектілерінің (асханалар, кофеханалар, дәмханалар және т. б.) қызметіне рұқсат беру;

- ҚР БМСД №43 қаулысының талаптарын сақтай отырып, толтырылуы 50 орыннан аспайтын, сауда-оыйн-сауық орталықтарының жекелеген үй-жайларында орналасқан (фуд-корттарды қоспағанда) қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметіне рұқсат беру;

- маска режимін, әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, ашық ауадағы кинотеатрлардың қызметіне рұқсат беру;

- жұмыс кестесін сағат 09:00-ден 22:00-ге дейін белгілеп, ҚР БМСД №43 қаулысының талаптарын сақтай отырып, автосалондардың, автобөлшектер дүкендерінің және техникалық қызмет көрсету (вулканизация, автожуу) станцияларының қызметіне рұқсат беру;

- маска режимін, әлеуметтік қашықтықты және күштейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, жұмыс және сенбі күндері сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып, «Қазпошта» «Алматы почтамп» АҚ АФ қызметіне рұқсат беру;

3) 1-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері мынадай шектеу шараларын енгізу:

– оларда орналасқан азық-түлік супермаркеттері мен дәріханаларды қоспағанда, сауда үйлерінің, сауда-оыйн-сауық орталықтарының жұмысын тоқтата тұру;

– азық-түлік емес және жабық азық-түлік базарларының жұмысын тоқтата тұру»;

2. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері мынадай объектілердің қызметіне рұқсат беру:

- сұлулық салондары; шаштараздар; жазба бойынша косметологиялық кабинеттер;

- СПА-салондар; фитнес-орталықтар және спорттық-сауықтыру орталықтары;

- монша, сауна;

-ашық ауадағы аттракциондар;

- азық-түліктік емес сауда желілері.

«Пенитенциарлық (қылмыстық-атқару) жүйесі мекемелерінде санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтау алгоритмі» талаптарының сақталуы Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 16.09.2020 жылғы «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №53 қаулысының Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 26 маусымдағы «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» №43 қаулысына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес жүргізілсін»:

1) 24-қосымшада Пенитенциарлық (қылмыстық-атқару) жүйесі мекемелеріндесанитариялық-дезинфекциялық режимді сақтау алгоритмінің 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде (бұдан әрі – ҚАЖ мекемелері) жатқан адамдарға мынадай талаптар сақталған жағдайда белгіленген тәртіппен туыстарымен ұзақ және қысқа мерзімді кездесулер беруге рұқсат етіледі:

1) ұзақ және қысқа мерзімді кездесулерге келген туыстардыңа ынған сәтінен бастап 5 тәуліктен аспайтын уақыт өткентеріс нәтижесі бар ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексерілгені туралы құжатты беруі;

2) ұзақ кездесуге ересек бір адамнан асырмай рұқсат беру;

3) ҚАЖ мекемелеріне ұзақ және қысқа мерзімді кездесуге келген барлық адамдардың дене температурасын өлшеу және сауалнаманы толтыра отырып, сауал алу, кейіннен ұзақ мерзімді кездесудегі адамдарға күнделікті термометрия жүргізу;

4) ұзақ және қысқа мерзімді кездесулер берген кезде ҚАЖ мекемелері қызметкерлерінің, арнайы контингенттің және олардың туыстарының маска режимін сақтауы;

5) ҚАЖ мекемелерінің ұзақ кездесу болатын бөлмелерінде вирустық инфекциялар кезінде өндеу режимі бойынша рұқсат етілген дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, кейіннен жедетіп және кварцтап, күніне 2 реттен сиретпей ағымдағы жинауды тұрақты түрде жүргізу;

6) ұзақ уақыт кездесу берілген сотталғандарды 14 күн бойы карантинге жатқызу.».

2) 33-қосымшаның III бөлімінің 1.1-тармағының 4) тармақшасы алынып тасталсын;

3) 33-қосымшаның III бөлімі мынадай мазмұндағы 1.4-тармақпен толықтырылсын:

«COVID-19 коронавирустық инфекциясын диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамасына сәйкес клиникалық көрсетілімдер бойынша адамдар».

4. Қазақстан Республикасына ЕАЭО елдерінен және Өзбекстан Республикасынан Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы темір жол, теңіз, өзен көлігінде және автоөтпе жолдарында өткізу пункттері арқылы келетін адамдарды бақылау және оларға қатысты іс-шараларды жүргізу Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 16.09.2020ж. «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №53 қаулысының, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 24

маусымдағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттерінде коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі қүшету туралы" №42 қаулысына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес жүргізілсін»:

- Қазақстан Республикасының ұқіметтік делегацияларын; Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шақыруы бойынша Қазақстан Республикасына келетін шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың ресми делегацияларының мүшелерін; Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктердің, консулдық мекемелердің және халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерін; Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өтетін жүктөрдің халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын адамдарды қоспағанда, ЕАӘО елдерінен және Өзбекстан Республикасынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінен теміржол, теңіз, өзен көлігінде және автоөтпелерден келетін адамдарға қатысты шектеу шаралары осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес жүргізіледі;

- локомотив бригадаларының мүшелері, теміржол, теңіз және өзен көлігінде тасымалдау қызметімен байланысты адамдар және жүктөрдің халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын жүргізушілер осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес термометриядан және саулнама алудан өтеді. Дене температурасы қалыпты шектегі адамдарға осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес тиісті қолхат ала отырып, COVID-19-дың ықтимал симптомдары туралы түсіндірме жүргізіледі, олар межелі жеріне дейін жол жүруді жалғастырады. Дене температурасы жоғары адамдар COVID-19-ға зертханалық тексеру жүргізу үшін провизорлық стационарда 2 тәулікке дейін оқшаулауға жатады. COVID-19-ға зертханалық тексерудің нәтижелерін алғаннан кейін он нәтижесі бар адамдар инфекциялық стационарға ауыстырылады, COVID-19-ға теріс нәтижесі бар адамдарға осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес тиісті қолхат ала отырып, COVID-19-дың ықтимал симптомдары туралы түсіндірме беріледі»;

2) 7-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 26 маусымдағы №43 қаулысына 12-қосымшаға сәйкес әуежайлар жұмысының алгоритмін сактаудықамтамасыз етсін.»;

3) 1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес 5-қосымшамен толықтырылсын.

5. Осы қаулы барлық жеке және занды тұлғалардың, кәсіпкерлік субъектілерінің ұйымдық-құқықтық нысанына және ведомствоның бағыныстылығына қарамастан орындауы үшін міндетті.

6. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері**

**Ж. Бекшин**

Қазақстан Республикасының  
Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің  
2020 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_  
№\_\_\_\_\_ қаулысына  
1-қосымша

«Қазақстан Республикасының  
Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің  
2020 жылғы 24 маусымдағы  
№ 42 қаулысына  
1-қосымша

**Елдердің санаты және халықаралық жолаушылар авиарейстерімен келетін  
жолаушыларға қатысты шектеу шаралары**

	Санаты	Елдер	Шектеу шаралары
1.	Бірінші санат	ҚХР, Тайланд, Монголия, Малайзия, Египет, Гонконг, Оңтүстік Корея, Жапония, Сингапур, Германия, Беларусь, Әзіrbайжан	1) термометрия; 2) сауалнама алу.
2.	Екінші санат	Швейцария, Ұлыбритания, Польша, Италия, Венгрия, Австрия, Нидерланд, Швеция, Румыния, Чехия, Грекия, Түркия, БАӘ, Сауд Арабиясы, Үндістан, Армения, Ресей Федерациясы, Өзбекстан, Украина, Қыргызстан, Тәжікстан  Үшінші санаттағы елдерден жүйелі емес рейстер (эвакуациялық және чартерлік).	Қазақстан Республикасына келген жолаушылар: 1) термометрия; 2) сауалнама алу; 3) алған сәтінен бастап Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту сәтінде 5 тәуліктен аспайтын уақыт өткен, ПТР әдісімен зертханалық тексерудің теріс нәтижесі бар COVID-19-ға тексерілгені туралы анықтама (бұдан әрі – анықтама) болған жағдайда – шектеусіз;  4) анықтама болмаған жағдайда – ұшып келген күнінен бастап 48 сағаттың ішінде ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексеруден өту міндеттілігі туралы хабарлама беріле отырып, келген жері бойынша (шетелдік азаматтар үшін), тұратын жері бойынша (Қазақстан Республикасының азаматтары үшін) ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексеру немесе 14 күнге үй карантині.
3.	Үшінші санат	Бірінші және екінші санаттағы елдерді қоспағанда барлық елдер.	Жүйелі авиарейстерге тыйым салынған.

**ПТР әдісімен COVID-19-ға міндетті тұрде  
зертханалық тексеруден оту туралы  
хабарлама**

Елді мекен \_\_\_\_\_

2020 жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_

Мен \_\_\_\_\_, ЖСН: \_\_\_\_\_,  
(Т.А.Ә. (бар болса)

— — — жылы КР ПМ/ӘМ берген № \_\_\_\_\_ төлкүжат/жеке күәлік,  
— — — мекенжайында тіркелгенмін, нақты  
— — — мекенжайында тұрамын.

Тұратын жерім бойынша 48 сағаттың ішінде COVID-19-ға зертханалық тексеруден отуге міндеттенемін. Жеке деректерді өндөуге келісемін.

Температура немесе өзімді нашар сезіну белгілері пайда болған кезде дереу COVID-19 бойынша колл-орталыққа хабарласу немесе шетелден келгенім туралы хабарлай отырып, жедел жәрдем шақыру қажеттігі туралы хабардар етілдім.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 462-бабының 3-бөлігіне сәйкес мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының өз құзыретінің шегінде заңды талаптарын немесе қаулыларын орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін әкімшілік жауаптылықтың болуы туралы хабардар етілдім.

ӘҚБтК-нің 462-бабының 1-бөлігінде көзделген әкімшілік жауапкершіліктің болуы туралы, мемлекеттік инспекциялар мен мемлекеттік бақылау және қадагалау органдарының лауазымды адамдарына өздерінің құзыретіне сәйкес қызметтік міндеттерін орындауды үшін қажетті құжаттарды, материалдарды, статистикалық және өзге де мәліметтерді, ақпаратты беруден бас тарту не дәйексіз ақпарат беруден бас тарту түріндегі кедергі келтіруге тыйым салу туралы хабардар етілдім.

Сондай-ақ, 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 380-бабына сәйкес билік өкіліне қатысты зорлық-зомбылықты қолданғаны үшін қылмыстық жауаптылықтың бар екендігі туралы хабардар етілдім.

Күні: \_\_\_\_\_  
Қолы \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің  
2020 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_  
№\_\_\_\_\_ қаулысына  
2-қосымша

«Қазақстан Республикасының  
Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің  
2020 жылғы 24 маусымдағы  
№ 42 қаулысына  
5-қосымша

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы  
теміржол, теңіз, өзен көлігінде және автоөтпелерден өткізу пункттеріндегі  
шектеу шаралары**

1. Қазақстан Республикасына ЕАЭО елдерінен және Өзбекстан Республикасынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінен теміржол, теңіз, өзен көлігінде және автоөтпелерден келген барлық адамдар (бұдан әрі – келген адамдар) (Қазақстан Республикасының үкіметтік делегацияларын; Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шақыруы бойынша Қазақстан Республикасына келетін шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың ресми делегацияларының мүшелерін; Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктердің, консулдық мекемелердің және халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерін; Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өтетін жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын адамдарды қоспағанда) термометриядан, сауалнама алудан өтеді және алған сәтінен бастап 5 тәуліктен аспайтын уақыт өткен ПТР әдісімен зертханалық тексерудің теріс нәтижесі бар COVID-19-ға тексерілгені туралы анықтаманы (бұдан әрі - анықтама) ұсынады. Анықтама болмаған кезде келген адамдар осы қосымшаның 4-тармағына сәйкес ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексерілуге жатады.

2. Анықтама берген, дene температурасы қалыпты шектегі келген адамдарға осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес тиісті қолхат ала отырып, COVID-19-дың ықтимал симптомдары туралы түсіндірме жүргізіледі, олар межелі жеріне дейін жол жүруді жалғастырады.

Анықтаманың болуына қарамастан, дene температурасы жоғары келген адамдар COVID-19-ға зертханалық тексеру жүргізу үшін провизорлық стационарда 2 тәулікке дейін оқшаулауға жатады. COVID-19-ға зертханалық тексерудің нәтижелерін алғаннан кейін оң нәтижесі бар адамдар инфекциялық стационарға ауыстырылады, COVID-19-ға теріс нәтижесі бар адамдарға осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес тиісті қолхат ала отырып, COVID-19-дың ықтимал симптомдары туралы түсіндірме беріледі.

3. Келген адамдарға сауалнама жүргізу осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жүргізіледі;

4. Анықтама болмаған жағдайда келген адамдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп отетін жерлерде ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексерілуге жатады.

COVID-19-ға зертханалық тексеру үшін материал алушы медициналық – санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі - МСАК) маманы жүзеге асырады.

ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексеру үшін материал алынғаннан кейін келген адамдар межелі жеріне дейін маршрут бойынша жол журуді жалғастырады.

Келген адамнан COVID-19-ға зертханалық тексерудің оң нәтижесін алған кезде мемлекеттік шекара дағы санитариялық-карантиндік пунктке (бұдан әрі – СКП) іссапарға жіберілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті департаментінің (бұдан әрі - ТКҚСҚБД) маманы COVID-19-ға оң нәтиже туралы ақпарат қазіргі уақытта келген адам аумағында орналасқан ТКҚСҚБД-ға береді.

Қазіргі уақытта келген адам аумағында жүрген ТКҚСҚБД маманы COVID-19-ға зертханалық тексерудің оң нәтижесі туралы Денсаулық сақтау басқармасын (бұдан әрі - ДСБ) және келген адамды хабардар етеді. ДСБ келген адамды медициналық тексеруді және оны инфекциялық стационарға емдеуге жатқызу немесе амбулаторлық жағдайда емдеу бойынша шешім қабылдайды.